

Ауданда мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күші жойған

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 наурыздағы N 81 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қазалы аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 31 наурызда N 10-4-145 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 мамырдағы N 144 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 31.05.2013 N 144 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңдарына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданда жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. "Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Ж.Жалғасбай) мүгедектерді квота есебінен жұмысқа орналастыру мониторингін жүргізу және мүгедектерді квотаға сәйкес жұмысқа орналастыруға шаралар қабылдау тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Г.Нармағамбетоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

А. КӨШЕРБАЙ